

ДУУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ АЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

арт Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтеріне депутаттар сайлау даңқты Отанымыздың еңбекшілерінің бүкілхалықтық мерекесі болып өтті.


Коммунистік партия мен совет халқының кемеңгер көсемі және ұстазы туысқан СТАЛИННІҢ даңқы арта берсін.

стік партияға, Сталин жолдасқа шексіз берілгендіктің тамаша салтанаты

мас
ігі

ымын деп са-
ін, шатты өмі-
азымыз Носиф
ын жүректен

ит Жамбаев пен
Состың ғана сөзі
дамдарының жа-
қласпен шыққан
мдарының даңқ-
ысы мен даңғы-
ен сүйіспеншілі-
адамдары ғана
атал ниетті
днге өздерін
деп санап, ұлы
айды. Өйткені,
ы, бүкіл дүние
ы ту ұстаушы-
етер мен пар-



Жергілікті Советтердің сайлауы күні қала сайлаушылары коммунистер мен партияда жоқтардың бөлігі ұсынған кандидаттарға ұйымдасқан түрде бірауыздан дауыс берді.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Петропавл станциясының инженері Иванов № 35 сайлау участкасында дауыс беру үшін бюллетень алып тұр. 2. 70 жасар қарт Досан Мұжықбаев зайыбы Қалима

тым қорлықта, ауыр азапта өтті. Өмір бойы қасірет пегумен ұлғайдым. Совет өкметі мені де өмір түнегінен құтқарып, жарқын өмірге, бақытты тұрмысқа қолымды жеткізді. Адамдарымызды ерікті, жерімізді көрікті етті.

Бүгінгі сайлау күні халық қалаулыларына дауыс беру арқылы туысқан совет өкметі үшін, Коммунистік партия үшін, Көмеңгер көсеміміз Сталин үшін дауыс беремін.

— Бүгін мен тұңғыш рет сайлауға қатынасамын. — деді қаладағы № 20 қолөнер училищесінің оқушысы Алексей Жос, — Сталиндік Конституцияда алтын әріппен жазылған ұлы правомды пайдаланып, мемлекеттік өкмет билігінің жергілікті орындарының сайлауына барлық азаматтармен бірдей қатынасын отырған-

шығына қарай өрлей беру үшін қажырлы еңбек ете береді.

Сөз жоқ, жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік және оны өткізу еңбекшілеріміздің саяси және өндірістік белсенділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Партия, совет ұйымдарының міндеті—жұмысшылардың, жұмысшылар мен интеллигенцияның осы патриоттық өрлеуін бастай біліп, оларды партиямыздың XIX съезіне алға қойған ұлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдыру.

Бұл міндетті орындауда да совет адамдарының ұлы табыстарға ие болатындығы сөзсіз. Бұған Коммунистік партияның басшылығы, ұлы көсеміміз Сталин жолдастың данышпандығы және совет халқының қажырлы еңбегі келіп,

сымен қарсы алды.

Мұнан кейін бюллетень алған мұғалімдер институтының студенттері Мұхамедияров, Қасымовалар бірінші рет дауыс бергені отыр. Олар ұйымдасқан түрде коммунистер мен партияда жоқтардың сталиндік блогі ұсынған кандидаттарға бірауыздан дауыс берді.

Небары 9 минуттың ішінде жүз адам дауыс берді. Сағат 2-де № 4 сайлау участогінде тізімге тіркелген сайлаушылар түгел дауыс беріп болады.

1 март 1953 жыл. Петропавл бұл күні ерекше салтанат құшағында. Қаланың көң көшелері қалың жұлдыздай самсаған Ильич шамдарының нұрына бөленген. Оның екі бетін қатарлай ілінген плакаттар мен ұрандар, транспаранттар мен қызыл тулар бүгінгі күннің бүкілхалықтық мереке екендігін айтаңақ аңғартқандай. Олардағы жазылған сөздер халықтың көкейтесті ойлары мен ұлы көсемге деген шексіз сүйіспеншілігін білдіріп тұр.

Таң алды. Қаланың әр жерінен тартылған музыканың бой бақыттар сазы мен оған қосылған әсем әндер естіледі. Ерте аянып, көшеге шыққан халықтардың әдемі киінген сырт көріністері де, бақыт нұрына балқыған көңілді жүздері де қуаныш құшағында тұрған қаланың сәні мен салтанатын арттыра түскендей. Олар ең алдымен бір-бірін:

—Мерекеңіз құтты болсын! —деп құттықтайды.

Міне, қылаң нектенген таң түн көрмесін шығыстан батысқа қарай сырғып келеді. Қараңғылықты жеңе келе жатқан жарық қуаныш сағатын асығыстықпен күтіп отырған халықтың көңілдерігі оған бетер көтере түсті.

Бүткен минут те жетті. Кремль сағаттарының үні бүкілхалықтық мереке — сайлау күнінің басталғандығын хабарлады. Көше толған халық лек-аегімен сайлау участогіне ағылып келіп жатыр.

Қаланың мерекедегідей жайпаған көң

совет мемлекетінің қайраткерлері, ұлы Сталиннің ең жақын серіктері—В. М. Молотов, Г. М. Маленков және Л. М. Каганович жолдастардың Алматы қалалық Советіне бірауыздан депутат болып сайланғандықтары туралы хабарды ду қолшанақтаумен қарсы алды.

Міңбеде —стахановшы Н. В. Афанасьев жолдас. Ол былай деді:

—Жергілікті Советтердің сайлауы күні мен, совет жұмысшысы, зор қуанышпен және мақтаншпен ұлы Сталин үшін, еліміздің барлық халықтарының достығы

мен шексіз өзіннің социал сөзіміне толы

Митингінің деген қалалықтары А. П. Н Советтердің саяси және е сайын өскендігын айтып.

Митингіге кінде совет х Сталинге құтты



МЕРЕКЕЛІ ПЕТРО

үйлерінің бірі —М. И. Калинин атындағы № 5 орта мектеп. Бұл үйде жергілікті Советтерді сайлайтын № 26 сайлау участогі орналасқан.

Таңертеңгі сағат 6-да учаскелік сайлау комиссиясының председателі Бураков жолдас сайлаушыларды мерекемен құттықтап, дауыс беру басталғандығын жариялады. Бірінші болып бюллетень алушылар әкелі-балалы Картаполовтар болды. Илларион Иннокентьевич Картаполов жетпістен асқан қарт сайлаушы. Ол өзінің 40 жылдан артық өмірін заводта жұмысшы болып өткізді. Көзір ол пенсонер. Ал, оның ұлы 18 жасар Леонид Картаполов стахановшы текарь. Ол сайлау күніне өндірістік тапсырманы 205 процент орындаумен келді.

—Мен өз дауысымды бақытты жастық шақ, сәулетті болашақ берген Коммунистік партияға, көсеміміз ұлы Сталинге беремін, —дейді Леонид бюллетеньді қолына алып. Оның бұл сөзді айтқан жүзінде зор шаттық, үлкен бақыттылық нышаны айқын аңғарылады.

Осы учаскеде алғашқы 30 минут ішінде 300-ден астам адам дауыс берді.

№ 31 сайлау участогі орналасқан қаладағы А. П. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының мәдениет сарайы да ерекше көз тартады. Бүгін мұнда бірінші бо-

лып дауыс бер новшысы Жур бұл кәсіпорны вет өкметі орд жасайтын шағ Соңғы жылдар рістер болды. никаландырыл налды. Жұмыс мәдениет сарай насы бар.

—Бақытты, ген Коммунист үшін, коммуни блогінің канди дейді ол қуаны

Бүгін қала х қы рет дауыс жастардың жар таралы. Олар күні. Өйткені, Сталиндік Ком жазылған дауы ды. Бүгін олар шағы үшін, са уыс берелі.

Міне, осы б жол Шуканов. ғысында қаза ның қамқорл Аманжол ешқа

Чуваш колхозшылары партияның XIX съезінің материалдарын оқып үйренуде

ЧЕБОКСАРЫ, 2 март. (СОТА). Чуваш колхозшылары партияның XIX съезінің қарарларын және И. В. Сталиннің «ССРО да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін орасан зор ықласпен оқып үйренуде.

Селолық жерлердегі партия оқуының жүйесінде ондаған мың коммунистер мен партияда жоқ активтер оқып жүр.

Чурачик ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде 4 үйірме жұмыс істейді. Жергілікті насихатшылар мен аудандық партия комитетінің лекторлары

осы колхозда: «И. В. Сталин социализмнен коммунизмге өтудің негізгі алғы шарттары туралы», «И. В. Сталиннің социализмнің негізгі экономикалық заңын ашуы және дәлелдеуі» және басқа тақырыптарға лекциялар оқыды.

Партияның XIX съезінің қарарларын колхоз жастары да оқып үйренуде. Ишлай ауданының «Сталинградская гвардия» ауылшаруашылық артелінің комсомол үйірмесінде сабақ әрқашан қатынасұшылардың зор белсенділік көрсетуімен өткізілуде.

Барлық дақылдардан бітім өнім алу үшін!

СТАВРОПОЛЬ, 2 март. (СОТА). Өлкеінің колхоздарында болып өткен есеп беру-сайлау жыйналыстары өткен жылы колхозшылардың дәнді дақылдардан соғыстан бұрынғы және соғыстан кейінгі жылдардағыдан да өте бітім өнім алғандығын көрсетті. Қоғамдық малдардың саны да едәуір арта түскен.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарында, аудандық және өлкелік мәжілістерде егіншілер қоғамдық шаруашылықты дамытуда жаңа табыстарға жетуге, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 110 пұттан, соның ішінде күзгі бидайдың әрбір гектарынан кем дегенде 120 пұттан өнім алуға міндеттемелер алысты.

Редакцияға хат

Кино қоятын орын жоқ

Николаевка селосы Преснов ауданындағы үлкен селолардың бірі. Мұнда селолық Совет, МТС, орта мектеп, аурухана бар. Міне, осындай үлкен селода еңбекшілерді мәдениетті қамту жұмысына жете көңіл бөлінбей отыр. Колхозшылар, интеллигенттер, МТС жұмысшылары жұмыс уақыты біткен соң мәдениетті дем алғысы келеді, кино көргісі келеді. Бірақ, село жұртшылығының өскелең талабын колхоз, селолық Совет, МТС басшылары ескермей келеді.

1952 жылдың басында клуб салу жұмысы қолға алынса да, түрлі материалдар жетіспейді деген сылтаумен осы күнге дейін кешегідей отыр. Ал, бұрынғы клубтың есік, терезелері әркімнің қолында кеткен. Арнаулы кино қоятын орынның жоқтығынан жана кино фильмдер дер кезінде көрсетіліп тұрмайды. Аудандық киноландыру бөлімінің жіберген кинолары директордың рұқсатымен ғана не мектепте қойылады, не мүлдем қойылмайды.

Аудандық атқару комитетінің мәдени ағарту бөліміне бұл төзімсіз жағдай көптен белгілі болғанымен оның қызметкерлері бұған құлақ аспай, өздерінің жұртшылық алдындағы міндетін ұмытып отыр. Аудандағы «Путь коммунизма», Жданов атындағы колхоздарда да клуб жоқ.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Көпір қашан жөнделер екен?

Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың үшінші бригадасының поселкесіне кіреберісте үйілген тасты, оның үстіне үйілген құмды көресіз. Бұл не? Бұл бұдан үш жыл бұрын, 1950 жылы жазда салынбақшы болып басталған көпір.

Содан бері талай айлар, талай күндер өтті. Алайда, көпір әлі салынып біткен

Аманкелді Иманов

(Туғанына 80 жыл толуына)

1 марта қазақ халқының батыры, Қазақстанда совет өкметін орнату күресіне белсене қатынасушы Аманкелді Имановтың туғанына 80 жыл толды.

Аманкелді Иманов 1873 жылы бұрынғы Торғай уезінің № 3 ауылында туды. Ол жас күнінен-ақ әкесінен жетім қалып, байлардың тепкісіне түсті. Байларға және патша чиновниктеріне қарсы күресте Аманкелді Иван Денисов, Николай және Александр Токаревтер сияқты орыс революционерлерін тірек етті.

Бірінші орыс революциясы (1905—1907 жылдардағы) Россияның шет аймақтарында, соның ішінде Қазақстанда революциялық қозғалыстың дамуына елеулі әсерін тигізді. Революциялық қозғалысқа қазақ халқының алдыңғы қатарлы адамдары — Аманкелді Иманов, Ә. Жангелдин, Ә. Майкотов және басқа көптеген адамдар қатынасты.

Байлар мен патша чиновниктері Аманкелдіні үнемі қудалауда болды. Еңбекші бұқараны күреске, Қайдауыл, Қараторғай болыстарының кедейлерін салық төлемеуге шақырғаны үшін және халық арасында үгіт жүргізгені үшін Аманкелді және оның жақын достары тұтқынға алынып, Торғай және Костанай түрмелеріне отырғызылды.

1914 жылы Аманкелді Петербургке келді. Мұнда ол жұмысшылардың хал-жайымен және революциялық күресімен танысты. Петербургтен қайтып келгеннен кейін Аманкелді қазақ халқын патша өкметіне қарсы күреске бірігуге шақырды.

Бірінші империалистік соғыс Россияның шет аймақтарында ұлттық және отаршылдық қанауды күшейтті. Патшаның 1916 жылғы 25 июндағы жастарды тыл жұмысына қайнау туралы указы халықтың қайнаған кегінің сыртқа шығуына себепші болды. 1916 жылы Қазақстанда ұлт-азат

1917 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясы аяқталды. Аманкелді оның жеңісін қуанышпен құттықтады. 1917 жылғы декабрьде оның отрядтары Торғайды алып, онда қызыл ту тікті. 1918 жылғы январь—февраль айларында Торғай уезінде ауылдық және болыстық Советтер құрыла бастады.

Қазақстанда совет өкметінің орнап, нығаюы қатты күрес жағдайында, Октябрь революциясы жеңісінің алғашқы күндерінен бастап жергілікті қазақ офицерлері мен атамандары, кулактар мен байлар өршелене қарсылық көрсеткен жағдайда өтті. Қызыл Армияның ойдағыдай шабуыл жасауына байланысты зәресі ұшқан алашордашылар екіжүзділікпен совет өкметін таниймыз және оның тәртібіне түгел бағынамыз деп мәлімдеді. Шынында қазақ халқының бұл залым жаулары шетел империалистерінің агенттерімен тығыз байланыс жасап және Колчак «үкметінен» нұсқау алып, ақгвардияшылардың тылдан әрекет жасаушы партизан отрядтарының күштеріне соққы беру үшін Аманкелді Имановты қайткенде жоюға тырысты.

Олар ең алдымен партизан қозғалысының Торғайдағы орталығын талқандауды және Орталық Қазақстанда совет өкметінің негізгі тірегі болған Торғайды алуды ойлады.

Шетел империалистерінің жексұрын жалдамалары 1919 жылғы 10 апрельде Аманкелді Имановты кенеттен қолға түсіріп, атып өлтірді.

Аманкелді өзінің батырлық өмірінің соңына дейін Коммунистік партия бастаған совет халқының толық жеңетіндігіне сенді.

Күрескер және революционердің ізгі қасиеттерін, Отаңды шексіз сүю, оның жауларын жек көру, революциялық батырлық

ГЕРМАНИЯДАҒЫ СОВЕТ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛИ АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ В. И. ЧУЙКОВТЫҢ ФРАНЦУЗ ГЕНЕРАЛЫ НУАРЭГЕ

ЖАЗҒАН ХАТЫ

БЕРЛИН, 1 март, (СОТА). «Нормандия—Неман» авиаполкындағы 11 француз ұшқыштарының табыттарын француз өкмет орындарына салтанатты түрде берумен байланысты армия генералы В. И. Чуйков Батыс Германиядағы француз оккупацияшыл әскерлерінің қолбасшысы корпус генералы Нуарэге төмендегідей хат жолдады: «Европаны гитлершіл құлданушылардан азат ету және өз отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте совет-герман майданында батырлық өліммен қаза тапқан «Нормандия—Неман» авиаполкының 11 француз ұшқышының табыттары бүгін Берлинде француз өкілдеріне тапсырылды.

Ұзақ және қиын күресте Европа мәдениетін сақтап қалған совет халқы ортақ жауға қарсы совет жауынгерлерімен бірге қолұстасып күрескен Францияның даңқты ұлдарының батырлығын зор құрметтейді. Адал іс үшін күресте өмірін берген өздерінің жауынгер серіктері — француз патриоттарын совет жауынгерлері әрқашан өзінің жүрегіне сақтап, құрметпен еске түсіретін болады.

Германиядағы совет әскерлерінің атынан және өз атымнан француз халқының батырларына деген зор құрметтеу сезімін білдіремін».

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 2 март, (СОТА). Корей Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары өткен күні американо-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы ар-

бұрмалаудың хаушті және зыянды түрі болып табылады.

Жамбыл атындағы колхозда ауылшаруашылық артелінің Уставы өрескел бұрмаланды. Қоғамдық мал таран-таражға салынды. Колхоздың өнімділігі мол малдары колхоз председателі Асылбековтың таныстары мен туыстарының өнімділігі аз малдарына айырбасталып кетті. 1952 жылы күтiмнің кемдігінен ондаған қоғамдық малдың шығын болуына жол берілді. Мұның бәрін Асылбеков пен тексеру комис-

Бригададағы партия тобы

Аманкелді атындағы колхоз (Преснов ауданы) партия ұйымы партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмысты бригадалардағы партия топтары арқылы жүргізеді. Бригадаларда партия топтарының жұмыс істеуі колхозшы шаруалар арасындағы саяси-үгіт жұмысын жақсарту, колхоз шаруашылығына партиялық басшылықты жаңа талапқа сай ұйымдастыру жөнінде қолайлы жағдай туғызды.

№ 3 егіс бригадасындағы партия тобының құрамында 5 коммунист бар. Олардың бәрі де колхоз өндірісінің шешуші учасктерінде жұмыс істейді. Бригада мүшелері арасында саяси-бұқаралық жұмыс жүргізеді. Бригаданың өндірістік мәселелері партия тобының жыйналысында жиі талқыланады. Осы жылғы январь айының басында бригададағы мал фермаларында қыстау маңына тасылған мал азығы мүлде жеткіліксіз болды. Бригаданың коммунистері өздерінің жыйналысында арнаулы мәселе қарап, қыстау маңына мал азығын тасу жөнінде қаулы алды. Партия тобының жетекшісі Тұяқов жолдас қаулының орындалуын ұйымдастырды.

Коммунистер мал қыстау маусымының жайып жақсарту жөнінде бригада мүше-

лерімен партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау, қырағылықты күшейту, істегі кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелеу ісін барған сайын жақсарту беру болып табылады. Біз бұл мақсатқа кадрларымыздың, коммунистердің маркстік-лениндік білімдерін жетілдіре беру, сын мен өзара сынды көңінен өрістету арқылы жетісе аламыз.

Е. КОРПИЧ,

ҚКП Октябрь аудандық комитетінің секретары.

лерімен әңгіме өткізіп, ҚКП Орталық Комитетінің II пленумының қаулысын түсіндірді. Осыдан кейін коммунистер Тұяқов, Мінайдаров, Әбішев жолдасар бригада мүшелеріне басшы болып, транспортта жұмыс істеді. Сөйтін, олар аз уақыттың ішінде қыстаулар маңына қажетті мал азығының толық тасылып, үйілуін қамтамасыз етті. Бригададағы партия тобының ұйымдастырушылық ролі, міне, осындай.

Дұрысын айту керек. № 1 егіс бригадасындағы партия тобы (топтың ұйымдастырушысы Кәріпалов) өзінің жұмысын бригаданың алдында тұрған міндеттер дәрежесінде ұйымдастыра алмай отыр. Мұның өзі колхоз партия бюросының партия топтарының жұмысына әлі де белсе жеткілікті басшылық жасамауынан дау керек. Партия бюросы, оның секретары Құлғаев жолдас № 1 егіс бригадасындағы партия тобының жұмыс тәжірибесін насихаттап, әрбір партия тобының саяси және шаруашылық міндеттерді шешудегі ролін арттыра беруге тиіс.

М. НАЗАРИН,

ҚКП аудандық комитетінің партия, нәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі.

бөлмей отыр.

Қ. ТЫРҚАЕВ.

Дәрігерлік пункт жабық тұр

«Еркіндік» ауылшаруашылық артелінде (Совет ауданы) 1951 жылдан бастап дәрігерлік пункт жұмыс істей бастаған еді. Оның колхозшыларға дәрігерлік көмек беруде көп пайдасы тиді. 1952 жылдың сентябрь айында дәрігерлік пунктті меңгеруші дәрігер кетіп қалды. Сол уақыттан бері дәрігерлік пункт жұмыс істеуден қалды. Ал, ауылдық Совет атқомі мен аудандық денсаулық сақтау бөлімі осы уақытқа дейін бұл дәрігерлік пункттің жұмысын жандандыру туралы ешқандай шаралар белгілемей отыр.

Ш. ҒУБАЙДУЛЛИН.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Хат-хабар уақытында тасылмайды“

Редакцияға түскен, газетке жарияланбаған «Хат-хабар уақытында тасылмайды» деген тақырыпты тілші хатында Преснов ауданындағы Ленин атындағы колхозда хат-хабар тасу ісінің нашар екендігі айтылған болатын. Колхоздың хат тасушысы З. Нұрмолдин жолдас өзіне жүктелген жұмысқа жауапсыз қарап, бригадалардағы колхозшылардың хат-хабарлары мен газет, журналдарын деркезінде табыс етіп отырмаған.

Колхоз партия ұйымының секретары Б. Рамазанов жолдас редакцияға былай деп хабарлады: тілші хаты бастауыш партия ұйымының жыйналысында талқыланып, онда айтылған фактілер толық анықталды. Хат тасушы З. Нұрмолдин жұмыстан босатылып, оның орнына басқа хат тасушы тағайындалды және одан хат-хабар тасу ісін жақсарту талап етілді.

быстары туралы, озат егіншілер туралы.

МАЛДАРДЫ, ТРАНСПОРТ ҚҰРАЛДАРЫН ТІРК ОЛАРДЫҢ ИЕЛЕРІНЕН ТӨЛЕМ АЛ

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Совет міндетті қарары

Петропавл қаласы

№ 1

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Совет 1. 1 марттан 15 майға дейін Петропавл қаласында мағындағы малдар мен транспорт құралдарын есепке а. 2. Төменде аталған ұйымдар мыналарға міндеттенді: а) малдар мен көлік транспорттың тіркеуге алу—қа б) велосипедтерді тіркеуге алу және оларға номер транспорт құралының бұл түрін иемденушілерден төлем тына номер белгілерін беру—коммуналдық шаруашылық 3. Облыстық мемлекеттік автомобиль инспекциясына лануындағы автомашиналар мен мотоциклдерге номер б және техникалық жарамдылығын байқау ісін тек транспорт құралының қысқартылып көрсеткеннен кейін ғана жүргізу 4. Сауын малы және жұмыс көлігі, автомобиль, велосипед, қайық, паром сыяқты транспорт құралы, жеткізілетін басқа да малы бар азаматтар оларды осы мерзімде тіркеуден өткізіп, транспорт құралдарына номер тегіндірілсін.

5. Мал және транспорт құралдары иелерінен жылына алынсын.

Жылқыдан	250 сом
Жегуге пайдаланылатын малдардан (жылқыны қоспағанда)	100 сом
Ірі қара малдан	50 сом
Велосипедтен	15 сом
Жеңіл автомашинадан және моторлы қайықтан	25 сом
Мотоциклден	15 сом

Кісі тасымалдау үшін кәсіпшілік ретінде пайдаланылатын қайықтардан 50 сом

Кісі тасымалдамайтын қайықтардан 15 сом

6. Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар төлем төлеу олар (осы қаулыда көрсетілген мерзімде) қалалық комитетінен өздерінде бар транспорт құралдарына номер бер 7. 1953 жылғы 15 майдан кейін номер белгісі жоқ қалада жүруге тыйым салынсын.

8. Осы міндетті қарардың 1,4,5,6 және 7 пункттерінлік жолымен 100 сом айып салынады немесе олар 30 сомна жіберіледі.

9. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылау министрлік коммунальдық шаруашылыққа және қалалық финанс бөліміне

10. Міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін кіреді және қала жерінде 2 жыл бойына күшінде бола

Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің сек

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакторлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет та